

### Павлодар облысы Павлодар қаласы Кенжекөл ауылдық округінің әкімі болуға кандидаттарды тіркеу қорытындылары туралы

2026 жылғы 21 маусымда сағат 18.00-де Павлодар облысы Павлодар қаласы Кенжекөл ауылдық округінің әкімі болуға кандидаттарды тіркеу кезеңі аяқталды.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-5 бабына сәйкес Кенжекөл ауылдық округінің әкімі болуға кандидаттар ретінде тіркелді:

№ р/с	Кандидаттың Т. А. Ә.	Туған жылы	Атқаратын лауазымы, жұмыс орны, тұрғылықты жері, ұсынылу тәсілі
1.	<b>Қабышев Азат Болатович</b>	1993	«Павлодар қаласы әкімінің аппараты» ММ бөлімінің басшысы, Павлодар қаласы, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылды
2.	<b>Қайкен Ерғанат Аязбиұлы</b>	1991	«Павлодар қаласы әкімінің аппараты» ММ бөлімінің бас маманы, Павлодар қаласы, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылды
3.	<b>Сансызбаев Медет Мухамед-Закирович</b>	1983	Әкім, «Кенжекөл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, Павлодар қаласы, Кенжекөл ауылы, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылды

Павлодар қалалық аумақтық сайлау комиссиясы. (2075)

### Құрметті Павлодар қаласының Кенжекөл ауылдық округінің сайлаушылары!

Учаскелік сайлау комиссиялары Сіздерді 2026 жылғы 12 шілдеде өтетін Кенжекөл ауылдық округі әкімінің сайлауында дауыс беруге қатысуға шақырады.

Дауыс беру 2026 жылғы 12 шілдеде сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін келесі мекенжайлар бойынша өткізіледі:

№50 учаскелік сайлау комиссиясы, Кенжекөл ауылы, Ата Заң алаңы, 1/7 ғимарат («Павлодар қаласының Кенжекөл жалпы орта білім беру мектебі» КММ ғимараты), телефон: 8 (7182) 35-34-62;

№108 учаскелік сайлау комиссиясы, Байдала ауылы, Қуанов көшесі, 19 («Кенжекөл ауылдық округі әкімі аппаратының Қамар Қасымов атындағы мәдениет үйі» МКҚК ғимараты (Байдала ауылының клубы)), телефон: 8 (7182) 35-26-94;

№109 учаскелік сайлау комиссиясы, Долгое ауылы, Баспаков көшесі, 9 («Кенжекөл ауылдық округі әкімі аппаратының Қамар Қасымов атындағы мәдениет үйі» МКҚК ғимараты (Долгое ауылының клубы)), телефон: 8 (7182) 63-97-71;

№133 учаскелік сайлау комиссиясы, Кенжекөл ауылы, Ата Заң алаңы, 3/2 ғимарат («Кенжекөл ауылдық округі әкімі аппаратының Қамар Қасымов атындағы мәдениет үйі» МКҚК ғимараты), телефон: 8 (7182) 63-92-16.

Еске саламыз, өзіңізбен бірге жеке басыңызды куәландыратын құжат болуы қажет.

#### Ескерту:

Азаматтар тұрғылықты жері бойынша тіркелу негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіледі.

Өзіңізді сайлаушылар тізімінен 2026 жылғы 27 маусымнан бастап учаскелік сайлау комиссиясынан тексере аласыз.

ӘРБІР ДАУЫС МАҢЫЗДЫ!

(2075)

### Белгіленіп отырған қызмет туралы өтініштер бойынша ресми хабарламалар

«Fonet Er-Tai AK MINING» ЖШС Павлодар облысы Екібастұз қаласында орналасқан Маясалған жер қойнауы учаскесін игеру жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр.

Белгіленіп отырған қызмет туралы өтінішпен 2026 жылғы 18 маусымдағы Бірыңғай экологиялық порталда <https://ecorportal.kz/> «Жоспарланған қызмет туралы өтініш» айдарында және Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының <https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=kk> сайтында «Белгіленіп отырған қызмет туралы өтініштер бойынша ресми хабарламалар» айдарында танысуға болады. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдаудың аяқталу күні - 10.07.2026 ж.

Ескертулер мен ұсыныстарды (Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар Министрлігінің экологиялық реттеу және бақылау Комитеті) [kerk@esogeo.gov.kz](mailto:kerk@esogeo.gov.kz) электронды мекенжайына немесе Астана қ., Мәңгілік ел даңғ., 8 «Министрліктер үйі», 14 кіреберіс (Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар Министрлігі экологиялық реттеу және бақылау Комитеті), телефон 8 (7172740105) қабылдайды.

(2074)

### Белгіленіп отырған қызмет туралы өтініштер бойынша ресми хабарламалар

«KAZ Minerals Boshakol ЖШС Павлодар облысы Екібастұз қаласы ауылдық аймағының Төрт-Құдық кентінің ауданында орналасқан Бозшакөл Тас кен орнында құрылыс тасын өңдеу көзделіп отыр.

Белгіленіп отырған қызмет туралы өтінішпен 2026 жылғы 16 маусымдағы Бірыңғай экологиялық порталда <https://ecorportal.kz/> «Жоспарланған қызмет туралы өтініш» айдарында және Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының <https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=kk> сайтында «Белгіленіп отырған қызмет туралы өтініштер бойынша ресми хабарламалар» айдарында танысуға болады. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдаудың аяқталу күні - 08.07.2026 ж.

Ескертулер мен ұсыныстарды (Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар Министрлігінің экологиялық реттеу және бақылау Комитеті) [kerk@esogeo.gov.kz](mailto:kerk@esogeo.gov.kz) электронды мекенжайына немесе Астана қ., Мәңгілік ел даңғ., 8 «Министрліктер үйі», 14 кіреберіс (Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар Министрлігі экологиялық реттеу және бақылау Комитеті), телефон 8(7172740105) қабылдайды.

(2074)

### Хабарландыру

2026 жылғы 3 шілдеден 9 шілдеге дейін (5 жұмыс күні ішінде) «Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы Жуантөбе кен орнының полиметалл кендерін қайта өңдеу жөніндегі байыту фабрикасын салу және пайдалану. Вахталық кент» жобасына әзірленген «Қоршаған ортаны қорғау» (ҚОҚ) бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар қоғамдық талқылаулар нысанында өткізіледі. Жобаланатын объект Павлодар облысының Баянауыл ауданында, Ақмектеп ауылынан шамамен 15 км қашықтықта орналасқан. Объектінің географиялық координаттары: 51°08'19,37" с.е.; 76°12'26,08" ш.б. Жоба материалдарымен танысу, сондай-ақ сұрақтар, ескертулер мен ұсыныстар енгізу үшін Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Ақпараттық жүйесіндегі «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөліміне өтуіңізді сұраймыз: <https://hearings.ndbecology.gov.kz>. Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «Capital Stroy V» ЖШС, БСН 191040011321, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Ходжанов көшесі, 78-үй, 70-пәтер, тел. +7 701 223 09 42. Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Q ECO SOLUTIONS» ЖШС, БСН 240940036289, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 42к10, С блогы, 4-қабат, 2-кеңсе, тел. +7 (702) 661 66 46, e-mail: a.assanova@qecg.kz. Жергілікті атқарушы орган: «Павлодар облысының Жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» мемлекеттік мекемесі. (2076)

### ҚҰҚЫҚ-АҚПАРАТ

## Жауапсыздығы үшін жазаланды

Павлодар облысында полицейлер «Түнгі қаладағы балалар» жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізді. Оның аясында жасөспірімдер арасында қылмысты болдырмау, кәмелетке толмаған балалардың қараусыз жүруі назарға алынды.

Полицейлер балалар мен жасөспірімдердің жаппай жиналатын орындарында рейттік іс-шара жүргізді. Бұл ретте ойын-сауық орындары, аулалар, қараусыз қалған ғимараттар, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың қолайсыз ортада болуы мүмкін мекенжайлар тексерілді. Іс-шараның алғашқы күні түнгі уақытта ата-анасының немесе заңды өкілдердің қарауынсыз жүрген 50-ге жуық кәмелетке толмаған бала полиция бөлімшелеріне жеткізілді. Нәтижесінде 11 ата-ана бала алдындағы міндетті орындамағаны үшін, 46 заңды өкіл кәмелетке толмаған балаларды ойын-сауық орындарына бақылаусыз жібергені үшін жауапқа тартылды. Сондай-ақ, бір ата-ана баласының мас күйінде болғаны үшін және тағы екі ата-ана балаларының ұсақ бұзақылық жасағаны үшін жауапкершілік арқалады.

Мамандар ата-аналардан жазғы уақытта балаларды қараусыз, бақылаусыз қалдырмауды сұрайды.

## Алаяқтан құтқарды

Ақсу қаласындағы көші-қон қызметі бөлімшесінің инспекторы Айжан Самек интернет-алаяқтық фактісінің жолын кесті. Оның көмегімен жергілікті тұрғын әккілердің әрекетінен оңай құтылды.

Оқиға желісіне сүйенсек, қаскүнемдер бір сағат көлемінде ер адамды телефон арқылы мазалап, жеке деректерін алу үшін әңгімеге тартқан. Түрлі өтірік құрастырып, телефонның ар жағындағы адамға психологиялық қысым көрсеткен. Сөйтіп, әлгі адамнан 5 млн теңге көлемінде несие рәсімдеуін сұраған. Осы сәтте ер адамға Айжан Самек көмекке келіп, дереу шаралар қабылдады. Ол ер адамға бұл жағдай алаяқтардың әрекеті екенін түсіндіріп, несие рәсімдеу ісін бұғаттады. Қызметкердің кәсібилігінің арқасында алаяқтар қомақты қаржыға қол жеткізе алмады.

Қала тұрғыны Аман Хуантхан полицейге көрсеткен қырағылығы үшін шын жүректен алғыс білдірді.

Полицейлер танымайтын адамға құпия сөз бен жеке деректерді бермеуді ескертеді.

## «Ішімдіксіз ауыл»

Ақсу қаласына қарасты Қызылжар ауылында «Ішімдіксіз ауыл» жедел-профилактикалық шарасы өтті.

Полиция қызметкерлері жергілікті билік және денсаулық сақтау саласының өкілдерімен, ауыл тұрғындарымен кездесу өткізді.

Іс-шараның негізгі мақсаты - маскүнемдіктің алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру және азаматтардың жауапкершілігін арттыру.

Кездесу барысында мамандар мас күйінде жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша мемлекеттік құрылымдар мен жұртшылықтың бірлескен жұмысының маңыздылығын атап өтті. Алкоголь өнімдерін тұтынудан бас тарту, отбасылық құндылықтарды нығайтуға және ескең ұрпақ үшін қолайлы әлеуметтік орта құруға әсер ететіні айтылды.

Денсаулық сақтау қызметкерлері алкогольдің адам денсаулығына кері әсері, сондай-ақ алкогольді асыра пайдаланудың отбасы мен қоғамға зиян тигізетіні туралы айтты. Ауыл белсенділері байсалды өмір салты қағидаттарын ілгерілету жөніндегі бастаманы қолдайтындарын жеткізді.

А.АСҚАРҚЫЗЫ.

## SARYARQA SAMALY

МЕНШІК ИЕСІ:

«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Павлодар қаласы) «Ертіс Медиа» ЖШС, «Saryarqa samaly» облыстық газеті Газетке Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді басылымды, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы 29.12.2023 ж. №KZ17VPY00084792 куәлігі берілген.

Газет 1979 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2014 жылы «Алтын жұлдыз» жалпы-ұлттық сыйлығымен, 2022 жылы «URKER» ұлттық журналистика сыйлығымен марапатталды.

ЖШС директоры  
Руслан БИЛЯЛОВ

Бас редактор  
Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ

Телефоны: 66-15-30

ЖШС-нің мекенжайы:  
Павлодар қаласы,  
Астана көшесі, 143-үй.

Редакцияның мекенжайы:  
140000, Павлодар қаласы,  
Астана көшесі, 143-үй.  
Теле/факс 66-15-30

Біздің сайт: [saryarka-samaly.kz](http://saryarka-samaly.kz)



Газеттің электронды поштасы: [ssamaly29@gmail.com](mailto:ssamaly29@gmail.com).  
Бас редактордың орынбасары - 66-15-28.  
Жауапты хатшы - 66-15-31.  
Әлеуметтік бөлім - 66-14-64, 66-15-32.  
Экономика, саясат - 66-14-61, 66-12-74.

Жарнама бөлімі:  
[smi14reklama@gmail.com](mailto:smi14reklama@gmail.com)  
66-15-42, 66-15-40.  
Маркетинг және тарату бөлімі - 66-15-41.

Газеттің нөмірі «Saryarqa samaly»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Газет аптасына бір рет, бейсенбі күні шығады. Осы нөмірдің таралымы 3291 дана, бүгінгі көлемі 7 б.т.

«Дом печати» ЖШС баспахана-сында басылды. ҚР Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Газеттің сапалы басылуына баспахана жауап береді. Телефоны: 8 (7182) 61-80-26.

Басылуға қол қойылған уақыты 17.00.  
Тапсырыс - 762

Хаттар, қолжазбалар, фотографиялар мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Көлемі А4 (14 кегль) форматындағы 2 беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарды тегіс жариялауды және оларға жауап беруді міндетіне алмайды.

Жарнамалық материалдардың мазмұнына жарнама берушілер жауап береді.

Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан алынған фотосуреттер де пайдаланылды.

Авторлардың пікірлері редакция ұстанған көзқарасқа сәйкес келмеуі де мүмкін.

«Saryarqa samaly»-нда жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Баспа индексі 55443.